



Алматы, 2015 жылғы 20 сәуір

**ЦентрКредит Банкі отандық өндірушілердің автокөліктерін сатып алушы жеке тұлғаларға несие беру үшін Қазақстанның Даму Банкінен қарыз алды.**

ЦентрКредит Банкі 20 жыл мерзіміне 2 млрд теңге көлемінде қаражат тарту туралы Қазақстанның Даму Банкімен келісім жасасты. Қаржыландырудың мақсаты – отандық көлік құрастырушылардың автокөліктерін сатып алушыларға несие беру арқылы отандық өндірушілерді қолдау.

Несиелеудің негізгі талаптары:

- Ең жоғарғы сома: 5 600 000 теңге;
- Мерзімі: 5 жылға дейін;
- Мөлшерлемесі: жылдық 4%;
- Несиелеу валютасы: теңге;
- Міндетті бастапқы жарна: көлік құнының 20%-нан көп емес.

Қарызалушыларға «Kia», «Chevrolet», «Skoda», «Hyundai», «SsangYong», «Peugeot», «Geely», «LADA» сияқты автокөліктердің 55 моделі ұсынылатын болады. Модельдердің толық тізімдемесін келесі сілтеме арқылы көруге болады:

[http://www.kdb.kz/ru/services/interbank\\_lending/3.php?sphrase\\_id=5182](http://www.kdb.kz/ru/services/interbank_lending/3.php?sphrase_id=5182)

Автокөлік өнеркәсібін қолдау автокөліктерді өндіру көлемі мен жалпы экономиканы көтеріп қана қоймай, ЕДБ-нің автонесиелеу нарығын да жандандыра түседі.